КОПИЯ

2005 13 маусым
2004 25 мамыр 3890-1900-АҚ

Қазақстан Республикасы қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігімен келісілген

2005 жыл

# «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫНА ЖАСАЛҒАН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

«Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында бекітілген
«18» мамыр 2005 жыл.

СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

1. Жарғының 3.1.-тармағы төмендегі нұсқада баяндалсын:

«3.1 Банктің жарияланған қарапайым акцияларының саны - 70 316 695 (жетпіс миллион үш жүз он алты мың алты жүз тоқсан бес) дана.

Банктің қарапайым акцияларға айырбастауға болатын жарияланған басымдылықты акцияларының саны - 10 000 000 (Он миллион) дана».

2. Жарғының 3.3.-тармағы төмендегі нұсқада баяндалсын:

«3.3. Банктің орналастырылған қарапайым акцияларының саны 45 316 695 (Қырық бес миллион үш жүз он алты мың алты жүз тоқсан бес) дана, Банктің орналастырылған акцияларының атаулы құны 200 (екі жүз) теңгені құрайды.».

3. Жарғының 3.4.-тармағы төмендегі нұсқада баяндалсын

«3.4. Банктің акционерлер төлеген жарғылық капиталының мөлшері 9 063 339 000 (Тоғыз миллиард алпыс үш миллион үш жүз отыз тоғыз мың) теңгені құрайды».

4. Жарғының 3.7. тармағының бірінші абзацы төмендегі сөйлеммен толықтырылсын: «Банк Банктің қарапайым акцияларына айырбастауға болатын басымдылықты акциялар шығаруға құқылы.

Банктің айырбастауға болатын бағалы қағаздарын тек бір рет қана айырбастауға болады».

5. Жарғы төмендегі мазмұндағы 3.9 - 3.21 тармақтармен толықтырылсын:

«3.9 Акционерлер – қарапайым акцияларға айырбасталатын басымдылықты акциялардың иелері қарапайым акцияларды иеленетін акционерлердің алдында осы Жарғыда белгіленген мөлшерде кепілдік берілген белгілі бір мөлшерде дивиденд алуда және акционерлік қоғамдар туралы заңдарда белгіленген тәртіпте қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алуда басым құқыққа ие болады.

Банктің қарапайым акциясына айырбастауға болатын басымдылықты акция акционерге Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңдарында белгіленген жағдайлардан басқа кезде Банкті басқаруға қатысуға құқық бермейді.

3.10 Басымдылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңдарында белгіленген жағдайлардан басқа кезде Банк органының шешімін талап етпейді.

Банктің басымдылықты акциялары бойынша дивиденд толық төленіп болғанша оның қарапайым акциялары бойынша дивиденд төленбейді.

3.11 Банктің қарапайым акцияларына айырбастауға болатын басымдылықты акциялары бойынша төленетін дивиденд мөлшеріне кепілдік берілген және ол сол кезең ішінде қарапайым акциялар бойынша есептелетін дивденд мөлшерінен кем болмауға тиісті.

3.12. Қарапайым акцияға айырбастауға болатын басымдылықты бір акцияға төленетін дивиденд мөлшері төмендегі тәртіпте есептеледі:

3.12.1. Егер дивиденд төленетін қаржылық жылдың нәтижелері бойынша Банктің таза табысы ≤ 0 болса, дивиденд төмендегі мөлшерде төленеді - 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) теңге.

3.12.2. Басқа жағдайларда дивиденд мөлшері төмендегі тәртіпте есептеледі:

200 * (i + 1,5 %), мұнда

i, % –тұтынушылар бағалары индексінің өсуі/төмендеуі ретінде есептелетін индекстің пайыздағы мәні минус 100%) және Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі дивиденд төленетін қаржылық жылдың желтоқсан айында өткен жылдың сәйкес айына жариялайтын инфляция;

1,5% – бекітілген маржа;

Басымдылықты акциялар бойынша төленетін диывидендтің мөлшері бір акцияға 0,01 теңгеден кем болмауы керек.

Дивиденд есептеген кезде инфляцияның төменгі шегінің мәні 3 % (үш пайыз) деңгейінде және жоғарғы шегінің 9 % (тоғыз пайыз) деңгейінде белгіленген.

3.13. Қарапайым акцияларға айырбастауға болатын басымдылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу мерзімділігі – жылына бір рет. Директорлар кеңесі қарапайым акцияларға айырбастауға болатын басымдылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу мерзімін, тәртібін және нысанын белгілейді.

3.14. Қарапайым акцияларға айырбастауға болатын басымдылықты акциялар бойынша дивиденд төлейтін мерзім орнағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде Банк республикалық баспасөз бетінде қарапайым акцияларға айырстауға болатын бір басымдылықты акцияға шаққандағы дивиденд мөлшерін көрсетіп, дивиденд төленетіні туралы хабарлама жасауға міндетті. Ол хабарламада төмендегі мәліметтер де көрсетілуі қажет:

1) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және басқа реквизиттері;
2) Дивиденд төленетін кезең;
3) Дивиденд төлеу басталатын күн;
4) Дивиденд төлеу тәртібі мен нысаны.

3.15. Банктің басымдылықты акцияларын қарапайым акцияларға айырбастау туралы шешімді Банк Басқармасының ұсынысымен Банктің Директорлар Кеңесі қабылдайды.

3.16. Банктің Директорлар Кеңесі басымдылықты акцияларды қарапайым акцияларға айырбастау туралы шешімді қабылдағаннан кейін Банк айырбастау жүргізілетін күннен отыз күнтізбелік күн бұрын республикалық баспасөз бетінде, сондай-ақ "Қазақстан Қор Биржасы" ААҚ-ның сайтында басымдылықты акциялардың қарапайым акцияларға айырбасталатыны туралы хабарлама жариялап, айырбастау тәртібі мен айырбастау жүргізілетін кезеңді көрсетеді.

3.17. Қарапайым акцияға айырбастауға болатын бір басымдылықты акция Банктің бір қарапайым акциясына айырбасталады.

Басымдылықты акцияларды қарапайым акцияларға айырбастауға қатысты басқа талаптар Банктің акциялар шығару туралы жобасында белгіленеді.

3.18. Банк Банктің 10 000 000 (Он миллион) данаға дейінгі қарапайым орналастырылған акцияларын Банктің басымдылықты акцияларына айырбастау туралы шешім қабылдауға құқылы.

Осындай айырбастау жүргізу туралы және айырбасталатын қарапайым орналастырылған акциялардың (бұдан кейін - айырбасталатын акциялар) саны туралы шешімді Басқарманың ұсынысымен Банктің Директорлар Кеңесі қабылдайды. Банктің қарапайым орналастырылған акцияларын басымдылықты акцияларға айырбастау Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы және бағалы қағаздар нарығы туралы заңдарының талаптарын ескере отырып жүргізіледі.

Директорлар кеңесі қарапайым акцияларды иеленетін акционерлердің Банкке қарапайым акцияларын басымдылықты акцияларға айырбастау туралы сұраныс беруге болатын кезеңді (айырбастауға сұраныс беру кезеңі), сондай-ақ қарапайым акцичлар басымдылықты акцияларға айырбасталатын кезеңді (айырбастау кезеңі) белгілейді.

3.19. Директорлар Кеңесі Банктің қарапайым орналастырылған акцияларын басымдылықты акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдағаннан кейін Банк айырбастауға сұраныс беру кезеңі басталардан отыз күнтізбелік күн бұрын республикалық баспасөз бетінде, сондай-ақ "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның сайтында қарапайым акциялардың басымдылықты акцияларға айырбасталатыны туралы хабарлама жариялап, онда қарапайым акцияларды басымдылықты акцияларға айырбастау тәртібі, талаптары, сондай-ақ акцияларды айырбастауға сұраныс берілетін кезең мен акцияларды айырбастау кезеңі көрсетіледі.

3.20. Өзіне тиесілі қарапайым акцияларды басымдылықты акцияларға айырбастағысы келетін акционер айырбастауға сұраныс берілетін кезең ішінде Банкке жазбаша сұраныс жіберуге міндетті.

Айырбастауға сұраныс берілетін кезең аяқталғаннан кейінгі жұмыс күні Банк акцияларын айырбастау туралы сұраныс жіберген акционерлердің тізімін жасап, онда акционерлерді, оларға тиесілі Банк акцияларының санын, сондай-ақ акционердің басымдылықты акцияларға айырбастағысы келетін қарапайым акцияларының санын (бұдан кейін айырбастауға сұраныс берілген акциялар) көрсетеді.

Егер акционерлер айырбастауға сұраныс берген қарапайым акциялардың саны Директорлар Кеңесі айырбастауға белгілеген қарапайым акциялардың санынан кем болса, онда Банк акционерлер айырбастауға сұраныс берген барлық қарапайым акцияларды айырбастайды.

Егер акционерлер айырбастауға сұраныс берген қарапайым акциялардың саны Директорлар Кеңесі айырбастауға белгілеген қарапайым акциялардың санынан артық болып кетсе, онда қарапайым орналастырылған акцияларды айырбастау әр акционер айырбастауға сұраныс берген қарапайым акциялардың санының айырбастауға сұраныс берілген барлық акциялардың жалпы санына пропорционалды түрде жүргізіледі.

3.21. Бір қарапайым акция бір басымдылықты акцияға айырбасталуы тиіс.

Қарапайым акцияларды басымдылықты акцияларға айырбастауға қатысты басқа талаптарды Банктің Директорлар Кеңесі белгілейді».

6. Жарғының 4.3-тармағы "қарапайым" сөзінен кейін "және басымдылықты" сөзімен толықтырылсын.

7. Жарғының 5.5-тармағы «баспасөз құралдары" сөздерінің алдынан "республикалық" деген сөзбен толықтырылсын.

8. Жарғының 6.3.-тармағының 9)-тармақшасы «қарапайым" деген сөзден кейін "және басымдылықты" деген сөзбен толықтырылсын.

9. Жарғының 6.5.-тармағының екінші абзацы "баспасөз құралдарында" деген сөздердің алдынан "республикалық" деген сөзбен толықтырылсын.

10. Жарғының 6.8.-тармағы төмендегі мазмұндағы 5-абзацпен толықтырылсын: «Банктің басымдылықты акцияларын иеленетін акционер көзбе-көз өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы».

11. Жарғының 6.14.-тармағының 7)-тармақшасы төмендегі нұсқада баяндалсын:

«7) облигацияларды және басқа бағалы қағаздарды шығару (Банктің акцияларын қоспағанда) туралы шешім қабылдау, облигацияларды және Банктің басқа туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын, соның ішінде шектеусіз белгілеу облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу тәртібін, облигацияларды орналастыру нәтижесінде алынған қаражатты пайдалану тәртібін, шығарылым көлемін, облигациялардың саны мен түрлерін, облигациялардың атаулы құнын, облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын белгілеу»;

12. Жарғының 6.14. тармағының 22)-тармақшасының нөмірі «25)» болып өзгертілсін және Жарғының 6.14-тармағы төмендегі 22), 23), 24) тармақшалармен толықтырылсын:

«22) Банктің қарапайым акцияларына айырбастауға болатын басымдылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу мерзімін, тәртібі мен нысанын белгілеу;

23) Банк Басқармасының ұсынысымен Банктің басымдылықты акцияларын қарапайым акцияларына айырбастау туралы шешім қабылдайды, айырбастау тәртібі мен кезеңін белгілейді;

24) Банк Басқармасының ұсынысымен Банктің қарапайым орналастырылған акцияларын басымдылықты акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдайды, айырбасталатын қарапайым орналастырылған акциялардың санын, сондай-ақ осындай айырбастау тәртібін белгілейді».

13. Жарғының 7.2-тармағының екінші абзацы «баспасөз құралдарында" деген сөздердің алдынан "республикалық" деген сөзбен толықтырылсын.

Басқарма Төрағасы В. Ли

Согласовано с Агентством Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций

__________________________

__________________________2005 года

# ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В УСТАВ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «Банк ЦентрКредит»

Утверждено Общим собранием акционеров Акционерного общества
«Банк ЦентрКредит»
18 мая 2005 года.

1. Пункт 3.1. Устава изложить в следующей редакции:

«3.1 Количество простых объявленных акций Банка составляет 70 316 695 (Семьдесят миллионов триста шестнадцать тысяч шестьсот девяносто пять) штук.

Количество привилегированных объявленных акций Банка, конвертируемых в простые акции, составляет 10 000 000 (Десять миллионов) штук».

2. Пункт 3.3. Устава изложить в следующей редакции:

«3.3 Количество размещенных простых акций Банка составляет 45 316 695 (Сорок пять миллионов триста шестнадцать тысяч шестьсот девяносто пять) штук, номинальная стоимость размещенных акций Банка составляет 200 (двести) тенге».

3. Пункт 3.4. Устава изложить в следующей редакции:

«3.4 Размер уставного капитала Банка, оплаченного акционерами, составляет 9 063 339 000 (Девять миллиардов шестьдесят три миллиона триста тридцать девять тысяч) тенге».

4. Первый абзац пункта 3.7 Устава дополнить следующим предложением: «Банк вправе выпускать привилегированные акции, конвертируемые в простые акции Банка.

Конвертируемые ценные бумаги Банка могут быть конвертированы только один раз».

5. Дополнить Устав пунктами 3.9 - 3.21 следующего содержания:

«3.9 Акционеры - собственники привилегированных акций, конвертируемых в простые акции, имеют преимущественное право перед акционерами - собственниками простых акций на получение дивидендов в определенном гарантированном размере, установленном настоящим Уставом, и на часть имущества при ликвидации общества в порядке, установленном законодательством об акционерных обществах.

Привилегированная акция, конвертируемая в простую акцию Банка, не предоставляет акционеру права на участие в управлении Банком, за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан об акционерных обществах.

3.10 Выплата дивидендов по привилегированным акциям не требует решения органа Банка, за исключением случаев, предусмотренных законодательством Республики Казахстан об акционерных обществах.

До полной выплаты дивидендов по привилегированным акциям Банка выплата дивидендов по его простым акциям не производится.

3.11 Размер дивидендов по привилегированным акциям Банка, конвертируемым в простые акции, является гарантированным и не может быть меньше размера дивидендов, начисляемых по простым акциям за этот же период.

3.12. Размер дивидендов на одну привилегированную акцию, конвертируемую в простую акцию, рассчитывается в следующем порядке:

3.12.1 В случае если по итогам финансового года, за который осуществляется выплата дивидендов, чистый доход Банка ≤ 0, дивиденды будут выплачиваться в следующем размере - **0,01** (ноль целых одна сотая) тенге.

3.12.2 В иных случаях размер дивидендов рассчитывается в следующем порядке:

**200 * (i + 1,5 %)**, где

**i, %** – инфляция, рассчитываемая как прирост/снижение индекса потребительских цен (значение индекса в процентах минус 100%), публикуемая Агентством Республики Казахстан по статистике за декабрь финансового года, за который осуществляется выплата дивидендов, к соответствующему месяцу предыдущего года;

**1,5%** – фиксированная маржа;

Размер дивиденда по привилегированным акциям не может быть меньше 0,01 тенге на одну акцию.

При расчете дивиденда установлено значение нижнего предела инфляции на уровне 3 % (трех процентов) и значение верхнего предела на уровне 9 % (девяти процентов).

3.13 Периодичность выплаты дивидендов по привилегированным акциям, конвертируемым в простые акции, – один раз в год. Совет Директоров определяет срок, порядок и форму выплаты дивидендов по привилегированным акциям, конвертируемым в простые акции.

3.14 В течение пяти рабочих дней до наступления срока выплаты дивидендов по привилегированным акциям, конвертируемым в простые акции, Банк обязан опубликовать в республиканском печатном издании информацию о выплате дивидендов с указанием размера дивиденда в расчете на одну привилегированную акцию, конвертируемую в простую, а также следующих сведений:

1) наименование, место нахождение, банковские и иные реквизиты Банка;
2) период, за который выплачиваются дивиденды;
3) дату начала выплаты дивидендов;
4) порядок и форму выплаты дивидендов;

3.15 Решение о конвертации привилегированных акций в простые акции Банка принимается Советом директоров Банка по предложению Правления Банка.

3.16 После принятия Советом директоров решения о конвертации привилегированных акций в простые акции Банк за тридцать календарных дней до проведения конвертации публикует в республиканском печатном издании, а также на сайте АО «Казахстанская фондовая биржа» объявление о проведении конвертации привилегированных акций в простые акции, в котором указывается

порядок конвертации и период, в течение которого будет проводится конвертация акций.

3.17 Одна привилегированная акция, конвертируемая в простую акцию, при конвертации подлежит обмену на одну простую акцию Банка.

Иные условия конвертации привилегированных акций в простые устанавливается проспектом выпуска акций Банка.

3.18 Банк вправе принять решение о проведении обмена простых размещенных акций Банка в количестве до 10 000 000 (Десяти миллионов) штук на привилегированные акции Банка.

Решение о проведении такого обмена и количество подлежащих обмену простых размещенных акций (далее – подлежащие обмену акции) принимается Советом директоров Банка по предложению Правления. Обмен простых размещенных акций Банка в привилегированные акции осуществляется с учетом требований законодательства Республики Казахстан об акционерных обществах и рынке ценных бумаг.

Совет директоров устанавливает период, в течение которого акционеры – собственники простых акций вправе обратиться в Банк с заявкой на обмен простых акций в привилегированные (период подачи заявок на обмен), а также период, в течение которого будет проводиться обмен простых акций в привилегированные (период обмена).

3.19 После принятия Советом директоров решения о проведении обмена простых размещенных акций Банка в привилегированные акции Банк за тридцать календарных дней до начала периода подачи заявок на обмен акций публикует в республиканском печатном издании, а также на сайте АО «Казахстанская фондовая биржа» объявление о проведении обмена простых акций в привилегированные акции, в котором указывается порядок, условия обмена простых акций в привилегированные, а также период подачи заявок на обмен акций и период обмена акций.

3.20 Акционер, имеющий намерение осуществить обмен принадлежащих ему простых акций в привилегированные, обязан в течение периода подачи заявок на обмен направить письменную заявку в Банк.

На следующий рабочий день после окончания периода подачи заявок на обмен Банк составляет список акционеров, направивших заявки на обмен акций, в котором указываются акционеры, общее количество принадлежащих им акций Банка, а также количество простых акций, которые акционер намерен обменять на привилегированные акции (далее – заявленные к обмену акции).

В случае, если количество заявленных акционерами к обмену простых акций не будет превышать определенное Советом директоров количество подлежащих обмену акций, Банк проводит обмен всех простых акций, заявленных акционерами к обмену.

В случае, если количество заявленных акционерами к обмену простых акций превысит определенное Советом директоров количество подлежащих обмену акций, обмен простых размещенных акций осуществляется пропорционально количеству заявленных к обмену простых акций каждого акционера к общему количеству акций, заявленных к обмену.

3.21 Одна простая акция подлежит обмену на одну привилегированную акцию.

Иные условия обмена простых акций в привилегированные устанавливаются Советом директоров Банка».

6. Пункт 4.3 после слов «дивидендов по простым» дополнить словами «и привилегированным».

7. Пункт 5.5 Устава после слов «посредством публикации в» дополнить словом «республиканском».

8. Подпункт 9) пункта 6.3 Устава после слов «дивидендов по простым» дополнить словами «и привилегированным».

9. Второй абзац пункта 6.5 Устава после слов «должно быть опубликовано в» дополнить словом «республиканском».

10. Пункт 6.8 Устава дополнить пятым абзацем следующего содержания: «Акционер Банка, являющийся собственником привилегированных акций, вправе присутствовать на общем собрании акционеров, проводимом в очном порядке, и участвовать в обсуждении рассматриваемых им вопросов».

11. Подпункт 7) пункта 6.14 Устава изложить в следующей редакции:

«7) принятие решения о выпуске облигаций и других ценных бумаг (за исключением акций Банка), определение условий выпуска облигаций и производных ценных бумаг Банка, включая, но не ограничиваясь, порядок выпуска, размещения, обращения и погашения облигаций, использования средств, полученных в результате размещения облигаций, объеме выпуска, количестве и виде облигаций, номинальной стоимости облигаций, правах держателей облигаций»;

12. Изменить номер подпункта 22) пункта 6.14 Устава на «25)» и дополнить пункт 6.14 Устава подпунктами 22), 23), 24) следующего содержания:

«22) определяет срок, порядок и форму выплаты дивидендов по привилегированным акциям, конвертируемым в простые акции Банка;

23) по предложению Правления Банка принимает решение о конвертации привилегированных акций в простые акции Банка, определяет порядок и период конвертации;

24) по предложению Правления Банка принимает решение об обмене простых размещенных акций Банка в привилегированные акции, определяет количество подлежащих обмену простых размещенных акций, а также порядок такого обмена».

13. Второй абзац пункта 7.2 Устава после слов «крупной сделки опубликовать в» дополнить словом «республиканском».

**Председатель Правления** **В. Ли**

«25 МАЙ 2005»..................199...года. Я, Жумабай К.К., нотариус г.Алматы, действующий на основании лицензии №0000222 от 30.09.1998г. выданной Министерством юстиции РК свидетельствую подлинность подписи гр. АО "БанкЦентркредит" в лице Владислава Седишича ........... которая сделана в моем присутствии. Личность подписавшего документ установлена.

Зарегистрировано в реестре за № 5606

Взыскано за услуги [illegible]

Нотариус ..........

ЖУМАБАЙ КАЛИ ҚАЙЫРЫЛДЫҰЛЫ * ЛИЦЕНЗИЯ № 0000222 * НОТАРИУС *

«25 МАЙ 2005»..................199...года. Я, Жумабай К.К, нотариус г.Алматы, действующий на основании лицензии №0000222 от 30.09.1998г. выданной Министерством юстиции РК свидетельствую верность этой копии с подлинником документа, в последнем подчисток, приписок, зачеркнутых слов и иных неоговоренных исправлений или каких-либо особенностей не оказалось.

Зарегистрировано в реестре за № 5607

Взыскано за услуги [illegible]

Нотариус ..........

ЖУМАБАЙ КАЛИ ҚАЙЫРЫЛДЫҰЛЫ * ЛИЦЕНЗИЯ № 0000222 * 1998 ЖЫЛҒЫ 30 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНДЕ БЕРІЛГЕН * ВЫДАНА 30 СЕНТЯБРЯ 1998 ГОДА МИНИСТЕРСТВОМ ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН * НОТАРИУС *

ПРОНУМЕРОВАНО И ПРОШНУРОВАНО на 12 листах Нотариус

«14 ИЮН 2005»..................199...года. Я, Жумабай К.К, нотариус г.Алматы, действующий на основании лицензии №0000222 от 30.09.1998г. выданной Министерством юстиции РК свидетельствую верность этой копии с подлинником документа, в последнем подчисток, приписок, зачеркнутых слов и иных неоговоренных исправлений или каких-либо особенностей не оказалось.

Зарегистрировано в реестре за № 6347

Взыскано за услуги [illegible]

Нотариус ..........

ЖУМАБАЙ КАЛИ ҚАЙЫРЫЛДЫҰЛЫ * ЛИЦЕНЗИЯ № 0000222 * 1998 ЖЫЛҒЫ 30 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНДЕ БЕРІЛГЕН * ВЫДАНА 30 СЕНТЯБРЯ 1998 ГОДА МИНИСТЕРСТВОМ ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН * НОТАРИУС *

ПРОНУМЕРОВАНО И ПРОШНУРОВАНО на 12 листах Нотариус 14 ИЮН 2005